

"Алкоголь өнімін түгендеуді жүргізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 846 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1558. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 211 Бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.В. Вагапов) қоса берілген тізбеде көрсетілген бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне белгіленген тәртіппен бір апталық мерзімде хабарласын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 м а у с ы м д а ғ ы
N 211 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің күшін жойған кейбір бұйрықтарының тізбесі

8. "Алкоголь өнімдеріне түгендеу жүргізу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 846 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 29 маусымдағы N 1558 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2001 жылы жарияланған, N 25, 433-құжат)...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21-маусымдағы N 846 "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" P010846_ қаулысын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1999 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған отандық алкоголь өніміне түгендеуді жүргізу жөніндегі қоса беріліп отырған нұсқаулық б е к і т і л с і н .

2. Облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша салық комитеті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Акцизделетін өнімнің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің аумақтық басқармалары 2001 жылғы 1-шілдедегі жағдай бойынша тиісті аумақтарда орналасқан өндіруші кәсіпорындардың отандық өндірістегі алкоголь өніміне түгендеу жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті:

бір апталық мерзімде 1999 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбаланған импорттық алкоголь өніміне түгендеуді жүргізу туралы нұсқаулықты әзірлеп, оны министрдің бекітуіне тапсырсын.

импорттық өндірістегі, оның ішінде Тәуелсіз мемлекеттер Ынтымақтастығына мүше елдер өндірісіндегі 2001 жылғы 1-шілдедегі жағдай бойынша жаңа үлгідегі акциздік таңбалармен таңбалануға тиіс алкоголь өніміне түгендеу жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті (Н. Шайдаров) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Әкімшілік департаменті (С.К. Елшібеков) кеден комитетінің, Салық комитетінің облыстар, Алматы және Астана қалалары бойынша, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Акцизделетін өнімнің өндірілуіне және айналымына мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің бірінші басшыларына осы бұйрықты ж е т к і з с і н .

7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс вице-министрі Ұ.С. Байжановқа жүктелсін.

8. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 15 маусымда N 806 V990806_ тіркелген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 592 "Отандық өндірістегі алкоголь және темекі өнімінің акциздік таңбаларын есепке алу, сақтау және сату Ережелерін бекіту туралы" бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

9. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

М е м л е к е т т і к

к і р і с

м и н и с т р і н і ң

**1999 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен
таңбаланған отандық алкоголь өніміне түгендеуді
жүргізу жөніндегі**

Нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 маусымдағы N 846 P010846_6 "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Алкоголь өнімінің акциздік алым таңбаларының жаңа үлгісі 5 түрге бөлінеді: арақ, күшті алкогольды және әлсіз алкогольды ішімдіктер, шарап, к о н ь я к .

3. Акциздік алым таңбаларының жаңа үлгісімен таңбалануға жататын алкоголь өнімін түгендеу бір реттік сипатта болады және оны аталған өнімді өндіруді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар өз күштерімен Қазақстан Республикасының аумағында ары қарай сатылуы үшін таңбалануға тиіс тауарлардың әрі аталған тауарларды таңбалау үшін қажетті таңбалардың санын анықтау мақсатымен жүргізеді.

2. Түгендеуді жүргізу тәртібі

4. Тауарларды түгендеуді жүргізу үшін әрбір кәсіпорында (ұйымда) мына құрамда комиссия құрылады: комиссия төрағасы-бірінші басшы немесе оның орынбасарлары, материалдық-жауапты тұлға және басқа қызметкерлер.

5. Түгендеудің дер кезінде жүргізілуіне және оның тәртібінің сақталуына, түгендеу тізімдеме-кесімдеріне енгізілген тауарлардың іс жүзіндегі қалдықтары туралы мәліметтердің толықтығына әрі дәлдігіне, түгендеу кесімдеріндегі тауарлар атауларының дұрыс көрсетілуіне комиссия жауап береді.

6. Тауарлар туралы мәліметтер (өнім түрі, саны-данасы) екі данада жасалатын түгендеу тізімдеме-кесімдеріне жазылады. Тізімдеме-кесімнің бір данасы заңды және жеке тұлғалардың тіркелген орны бойынша тиісті салық органына ж і б е р і л е д і .

7. Жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларын алу үшін заңды және жеке тұлғалар тиісті салық органына өтініш жасайды.

8. Салық комитеттерінің лауазымды тұлғалары түгендеу тізімдеме-кесімдерінде көрсетілген кез-келген мәліметтердің дұрыстығын тексеруге, сондай-ақ қоймадағы тауарлардың бар болуына ішінара тексеруді

жүзеге асыруға құқығы бар.

Тексеру түгендеу комиссиясы мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

9. Алкоголь өнімінің іс жүзіндегі қалдықтары мен тізімдеме кесімдерде көрсетілген мәліметтер арасында алшақтықтар (сәйкес келмеушіліктер) байқалған жағдайда, салық комитеттерінің қызметкерлері кесім жасайды әрі Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес шаралар қолданады.

Анықталған алшақтықтар түзетілген жағдайда тізімдеме кесімнің әрбір парағына түгендеу комиссиясының әрбір мүшесі әрбір параққа осы парақта көрсетілген барлық тауарлардың жалпы санын (натуралдық көрсеткіштермен) жазбаша түрде көрсете отырып, қол қояды.

3. Өтініштерді қабылдау және таңбаларды беру тәртібі

10. Қазақстан Республикасының аумағындағы таңбалануға тиіс тауарларды түгендеу тізімдеме-кесімдері мен жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларын алу үшін керек өтініштер заңды және жеке тұлғаның тіркелген орны бойынша салық комитеттеріне тапсырылады.

Аумақтық салық комитеттері жинақтық тізімдеме-кесімдерді ресімдейді және жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларын алу үшін облыстық салық комитеттеріне жібереді.

11. Акциздік таңбаларды беруді облыстық салық комитеттері мына құжаттарды тапсырған жағдайда жүзеге асырады:

акциздік алым таңбаларын сатып алуға өтініш (1-қосымша);
заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәлік (көшірме);

салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы анықтама;
қызметтің тиісті түріне лицензиялар (көшірмелер);
2001 жылғы 1-шілдедегі жағдай бойынша алкоголь өнімінің тізімдеме кесімі;
акциздік таңбалар үшін ақшалай қаражаттардың аударылғаны туралы төлем тапсырысы;

акциздік таңбаларды алу үшін сенімхат;
таңбаларды беру журналында тіркелетін акциздік таңбаларды алатын адамды куәландыратын құжаттар.

12. Тәркіленген алкоголь өнімін таңбалау үшін тәркіленген алкоголь өнімін сатумен айналысатын ұйымдарға акциздік таңбаларды беруді облыстық салық комитеттері берілген тапсырыстардың негізінде, сондай-ақ мына құжаттарды көрсеткен жағдайда жүзеге асырады:

акциздік таңбалардың көрсетілген санын алу үшін бірінші басшының және

бас бухгалтердің қолы қойылған, мөрмен расталған таңбаларды алушының атына берілген сенімхаттың түпнұсқасы;

тәркіленген акцизделетін өнімді сату келісім-шарттары;

2001 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша заңды немесе жеке тұлғаның тәркіленген акцизделетін өнімнің түгендеу тізімдеме-кесімі;

РМК-ның есепшотына ақшалай қаражаттардың түскені туралы белгісімен акцизделген таңбалар үшін төлегені туралы төлем тапсырысының көшірмесі; акциздік таңбаларды алушының төлқұжаты немесе жеке куәлігі.

13. Облыстық салық комитеттері заңды және жеке тұлғаларға акциздік таңбаларды беруді қатаң түрде тапсырылған өтініштерге сәйкес жүзеге асырады.

4. Акциздік таңбаларды жою тәртібі

14. Кәсіпорындар мен ұйымдарда таңбалау барысында пайдаланылмаған 1999 жылғы үлгідегі акциздік таңбалар болған жағдайда, олар үшін жеке тізімдеме-кесімдер жасалады.

15. 1999 жылғы үлгідегі пайдаланылмаған акциздік таңбалар өртеу жолымен жоюға жатады.

16. Пайдаланылмаған акциздік таңбаларды жою комиссияның қатысуымен тиісті салық комитеті бірінші басшысының бұйрығымен белгіленетін орында жүргізіледі.

17. Пайдаланылмаған акциздік таңбаларды жою жөніндегі құрамы ең кемі 5 адамнан тұратын комиссияның құрамын тиісті салық комитетінің бірінші басшысы бекітеді.

18. 1999 жылғы үлгідегі пайдаланылмаған акциздік таңбаларды жою жөніндегі комиссия құрамына міндетті түрде бірінші басшы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, бас бухгалтер мен таңбаларды берген тиісті салық комитетінің материалды-жауапты тұлғасы және акциздік таңбаларды алушы ұйымның өкілі кіреді.

19. Таңбалардың іс жүзінде жойылғаны туралы кесім екі данада жасалады, онда жойылған таңбалардың нөмірі мен саны көрсетіледі (2-қосымша). Кесімнің әрбір данасына комиссия мүшелері қол қояды әрі ол тиісті салық комитетінің мөрімен расталады.

Кесімнің бір данасы тиісті салық комитетінде қалады, ал екінші данасы екі күндік мерзімде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс министрлігіне жіберіледі.

20. Таңбалануға тиіс тауарларды түгендеуді жүргізбеген тұлғалардан келіп түскен өтініштерді салық комитеттері қабылдамайды.

21. 2001 жылғы 1-шілдеден бастап алкоголь өнімін өндіруді жүзеге асыратын

занды және жеке тұлғалар жаңа үлгідегі акциздік таңбалары жоқ тауарларды босатуға құқы жоқ.

1-қосымша

_____ төрағасына
(Салық комитетінің атауы)

_____ (а т ы - ж ө н і , т е г і)

Акциздік таңбаларды алуға өтініш

_____ (ұйымның атауы, мекен-жайы, банкілік деректемелері)

_____ мына тауарлар үшін акциздік таңбаларды беруіңізді өтінеді:
_____ мөлшерінде

_____ (таңба түрі) _____ (жазбаша, дана)

_____ мөлшерінде
_____ (таңба түрі) _____ (жазбаша, дана)
_____ мөлшерінде

_____ (таңба түрі) _____ (жазбаша, дана)

Таңбалардың көрсетілген саны мына тауарларды шығару үшін қажет:

_____ (өнім түрі, сыйымдылық түрі көрсетілген шөлмек саны)

Таңбаларды сатып алу үшін қажет ақшалай қаражаттар "ҚазАлкоОрталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ___ есепшотына 200 ж. ___ N ___ төлем тапсырысымен _____ сомасында енгізілген.

_____ (с о м а с ы ж а з б а ш а)

Акциздік таңбаларды есепке алу, сақтау және сату ережелерімен таныстым. Акциздік таңбалар өтемсіз жоғалғанда, талан-таражға түскенде және т.б. жағдайда бюджетке акциздің белгіленген сомасын төлеуге міндеттенемін.

Ұйым басшысы _____
(А т ы - ж ө н і , қ о л ы)

Бас бухгалтер _____
(Аты-жөні, қолы)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК